

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАМАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 5 (9323) | 1954 жылғы 8 январь Жұма

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Мемлекеттік жоспар алғашқы күндерден бастап ойдағыдай орындалатын болсын

Еліміздің еңбекшілері 1954 жылды саяси және экономикалық дамуымыздың барлық салаларында жаңа табыстарға жетумен қарсы алды. Сүйікті Отанымызды оған сайын гүлдендіре түсу жолындағы күрестің барысында, әсіресе, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы саласында өткен жылы орасан зор табыстарға қол жетті.

Бүгін еліміздегі сыяқты біздің облысымыздың еңбекшілері де Коммунистік партия мен Совет Үкметінің халық шаруашылығын оған әрі өркендету жөнінде алға қойған міндеттерін жүзеге асыру жолында қажырлылықпен күрес жүргізе отырып, өткен 1953 жылды социалистік құрылыс саласындағы тамаша табыстар жылы етті. Облысымыздың алдыңғы қатарлы өнеркәсіп орындарының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері өздеріне алған социалистік көтеріңкі міндеттемелеріне сай мемлекеттік тапсырмаларды барлық көрсеткіштер бойынша ойдағыдай орындап шықты. Мұндай кәсіпорындарының қатарына электр станциялары мен электр өнеркәсібі министрлігінің заводын, шойын құю-таразы, былғары жасау заводдарын, облыстық кәсіпшілік Советіне қарасты бірқатар артельдерді қосуға болады. Бұл, әрине, аталған кәсіпорындары коллективтерінің арасында партия ұйымдарының басшылығымен социалистік жарыстың кеңінен өрістетілуінің нәтижесі.

Көптеген кәсіпорындары өндірістік тапсырманы жалпы өнім шығару жөнінен асыра орындаумен қатар, өнім сапасын жақсарту, оның өзіндік құнын кеміту, жоспардан тыс көр жыйнау, өнімшілік тәртібін қатаң сақтау жөніндегі көрсеткіштер бойынша да елеулі табыстарға жетті. Әсіресе, Петропавлдың шойын құю-таразы зауытының (директоры Петров жолдас) коллективінің табыстары басқаларға үлгі боларлықтай. Мұнда өнімнің түр-түрін өндіру тапсырмасы мерзімінен бұрын, 105,9 процент орындалса, 1952 жылға қарағанда 1953 жылы өнімнің ақауы екі есе қысқартылды. Мұның өзі заводта өнім сапасын жақсарту жолындағы күрес пәрменді түрде жүргізілетіндігін айқын дәлелдейді.

Сол сыяқты, электр станциялары мен электр өнеркәсібі министрлігі зауытының

жетілдіксіздігінен деп дәлелдегісі келеді. Бірақ, заводта қолға бар мүмкіншіліктердің тиімді пайдаланылмауы жоспардың орындалмауының негізгі себебі болғанын жасыруға болмайды. Ең алдымен кәсіпорында өткен жыл бойына өнімде көп ақауға жол берілді. Ал, бөлшекті екінші рет өңдеу, біріншіден, уақытты ұтса, екіншіден, материалдардың нормадан артық жұмсалыуына әкеліп соғады. Сөйтіп, жоспардың орындалуын тежейді. Оның үстіне заводта технологиялық тәртіпті бұрмалаушылық фактілері де кездеспей қойған жоқ.

Өндіріс технологиясын жетілдіре беру, өнімнің сапасын жақсарту және оның өзіндік құнын кеміту, үнемшілдік тәртібін қатаң сақтау жолындағы күресті ойдағыдай ұйымдастырмау Киров атындағы, сыра-сусын заводдарын, Париж коммунасы атындағы аяқкиім фабрикасын және осы сыяқты бірқатар кәсіпорындарын шағын дигательдер зауытындағы сыяқты оқжылықтарға әкеліп соқты. Бұл, ең алдымен, кәсіпорындарының басшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің, партия және кәсіподақ ұйымдарының кінесі. Өйткені, олар мемлекеттік жоспардың барлық көрсеткіштері бойынша орындалуын қамтамасыз ету күресіне коллективті жұмылдыра алмады.

Партиямыз бен үкметіміз еліміздің еңбекшілерін көпшілік қолды және азық-түлік товарларымен қамтамасыз ету ісіне арқашан зор қамқорлық жасап келеді. Бүгін еліміздегі сыяқты біздің облысымыздың өнеркәсіп орындарында да бұл жөніндегі міндеттерді қалтқысыз орындауға толық мүмкіншілік бар. Мұны былғары зауытының, «Славмука» завод басқармасы кәсіпорындарының өткен жылғы жұмыс қорытындылары айқын дәлелдейді.

Солдай бола тұрса да, көпшілік қолды товарлар және азық-түлік өндіретін бірқатар кәсіпорындары өздерінің алдында тұрған міндеттерді орындауда елеулі оқжылықтарға жол берді. Ең алдымен кәсіпорындары өнімнің түр-түрін өндіру жөніндегі тапсырмаларды орындаған жоқ. Егер, тек Петропавл қаласындағы кәсіпорындары көпшілік тұтынатын 183 түрлі өнім шығаруға тиіс болса, оның ішінен бір жылда өнімнің 70 түрі ғана шығарылды. Мұндай жағдайда еңбекшілердің

Малдың қысқы күтімін ұйымдастыруда ошат шаруашылықтарға теңелейік

Іспен жауап береміз

Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» ауылшаруашылық артелінің мүшелері облысымыздың барлық колхозшыларын, совхоз жұмысшыларын және ауыл шаруашылығының мамандарын мал қыстатуды үлгілі өткізу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, сөйтіп, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының мал шаруашылығы саласын өркендету жөнінде қойған міндеттерін мүлтіксіз жүзеге асыруға шақырды. Біздің совхоздың коллективі бұл бастаманы қызу қолдай отырып, совхозда мал қыстату маусымын тығызлықпен өткізуге, қыстың күні мал шаруашылығы өнімдерінің кемітілмеуіне міндеттенді.

Совхоздың алдыңғы қатарлы малшылары қыс басынан бері зорте бір малды шығынға ұшыратпай, зоотехникалық-малдәрігерлік ережеге сай күтіп келеді. Олардың қатарына Жақыпбеков, Басанов, Курепов жолдастарды қосуға болады. Бұлар өздеріне бекітіліп берілген малды тағайындаған рацион бойынша кезінде азықтандырып, суарып отырады.

Сауыншылар Максименко, Гусева жолдастар да өткен жылы әрбір сауын сыйырдан 2400—2500 литрден сүт алған болатын. Олар қазірде сыйырлардан алынатын сүтті жаағы күнді мөлшерден кемітпеу үшін күресуде. Бұл үшін сауыншылар сыйырларға азықты турап, буландырып, нәрлендіріп беруге өздері қатысып жүр.

Совхоз коллективі мал қыстатудың алғашқы айларында қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, «Путь к коммунизму» колхозы колхозшыларының үндеуіне нақтылы іспен жауап береді.

Қ. ӘДІЛШИН.

Қызылскер қой совхозы партия ұйымының секретары.

Калинин атындағы колхозда

Бұл күндері Ленин ауданы, Калинин атындағы колхоздың мүшелері қоғамдық малды бағып, күту ісін жақсарту тусуы

Социалистік өнеркәсіптің үздіксіз өркендеуі және еліміздің еңбекшілерінің әл-ауқат дәрежесінің арта түсуі әрбір кәсіпорнының экономикалық көрсеткіштерін шұғыл жақсартуын талап етеді. Сондықтан кәсіпорындарының коллективтері социалистік жарысты кең өрістетуге отырып, 1954 жылды жаңа табыстар жылы етуге міндетті.

Бұл—бүгін таңдағы аса маңызды, ең абройлы борыш!

Колхоз мал шаруашылығы өркендеуде

Преснов ауданындағы Молотов атындағы колхоздың председателі П. Белогуб жолдаспен әңгіме

Қазір колхоздың мал табысты шаруашылық салаларының бірі — мал шаруашылығы болып отыр. Егер 1952 жылы әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1300 литрден сүт алынса, 1953 жылы 186 сыйырдың әрқайсысынан 1555 литрден сүт сауылды. Мұның өзі біздің мемлекетке сүт тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындауымызға, бұдан кейін 15 мың литр сүтті мемлекеттік сатып алу орнына сатудан колхоз қазасына 10 мыңдаған сом ақшалай табыс енгізуімізге мүмкіншілік берді.

Қой, шошқа, жылқы және қыс фермаларынан алған табыстарымыз да едәуір көбейді. Бұл фермалар да колхоз дәулетін арттыра берудің қайнар көзі болып алды. Сөйтіп, 1953 жылғы болхоздың барлық табысы 1 миллион сомға жетті. Мұның жартысынан көбі тек мал шаруашылығынан алынды.

Әрине, мұндай табыс өздігінен келген жоқ, ол колхозшылардың ұйымшылдығымен, қажырлы еңбек етуімен жеңіп алынды. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы таяудағы жылдардың ішінде колхоздың сыйыр малы фермаларында сыйыр санының үлес салмағы 60 процентке дейін көбейтілсін, сыйыр санын көбейту жоспары орындалғанда ғана сыйыр малының санын өсіру жоспары орындалды деп есептелсін деп атап көрсетті. Біз 1954 жылға колхоздың жылдық өндірістік жоспарын жасағанда сыйыр санын өсіруге осы тұрғыдан қарадық. Сыйыр малы фермасында сыйыр санының үлес салмағы жоғары болу үшін колхоздың шаруашылығына тек еркек торпақтар мен сүтті аз беретін кәрі сыйырларды ғана жұмсаймыз. Сонымен бірге сыйыр малы санын, оның ішінде әсіресе, сауын сыйырды төл есебінен өсіруді ескеріп келеміз.

рып, жасаған рацион бойынша жүргізіледі.

Сауыншылар өздеріне бекітіліп берілген сыйырлардың азықты қандай жағдайда бергенде сүйсіне жейтінін үнемі бақылап отырады. Мәселен, сауыншы Батракова жолдасының қарауындағы сыйырлардың ішінде концентратты құрғақ бергенде жақсы сүйсініп жейтін де, оны сумен араластырып бергенде жақсы сүйсіне жейтін де сыйырлар бар. Батракова жолдас солардың азықты талғау ерекшеліктерін зерттеп біліп, талғауына қарай азықтандыруды шебер ұйымдастырудың нәтижесінде өткен 1953 жылы әрбір сыйырдан 1600 литр сүт сауды.

Сауыншылардың буаз сыйырларды суалту, күту, қондылығын төмендетпеу оларды буаулағаннан кейін сауу жөніндегі ғылым мен озат тәжірибелердің табыстарын өз істеріне шебер қолданулары да сүтті мол алуларына, оның майлығын арттыруларына жағдай туғызды.

Мал шаруашылығын өркендетуде, оның өнімділігін арттыра беруде мал фермаларын маман кадрлармен толықтыру, оларды тұрақтандыру және тәрбиелеу маңызды роль атқарады. Сондықтан біз бұл мәселеге үнемі назар аударудамыз. Сыйыр малы фермасында бақташы Игнатенко, сауыншы Шевченкова, Батракова, Калинин жолдастар бірнеше жыл жұмыс істеп келеді. Ал, бұдан бес жыл бұрын шошқа күтуші болып мал шаруашылығына келген Валентина Батракова екі жылдан бері шошқа фермасының менгерушісі болып істейді. Мал өсіруші колхозшылардың барлығы да ұшжылдық зоотехникалық курста оқып, өз мамандықтарын арттырып келеді. Ғылым жаңалықтарын өндіріске енгізе отырып, олар мал шаруашылығын ең мол табысты шаруашылық са-

Табысты сала

Октябрь ауданы, Сталин атындағы колхоздың малшылары өткен жылды қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде елеулі табыстарға жетумен аяқтады. Көптеген мал өсірушілер өздерінің алғашқы міндеттемелерін аброймен орындап шықты.

Колхоз басқармасы мал шаруашылығын шаруашылықтың табысты саласына айналдыру жолындағы күреске лайықты үлестерін қосқан малшылардың еңбекүндеріне қосымша ақы берді. Сауын сыйырдан сүт алудың жылдық жоспары асыра орындап, алынған бузауларды шығынсыз өсіргені үшін сауыншы А. Петухова жолдас қосымша ақыға бір бузау алды. Озат сауыншылар А. Черепанова мен Л. Усанова жолдастардың әрқайсысына бір-бір торайдан берілді.

Малдың қондылығын арттыру жолында шопандар Т. Рогачев пен П. Ивахтенко жолдастар қажырлы еңбек етті. Олар қарамағындағы малдың тәуліктік салмақ қосуды белгіленген нормадан да асырып отырды. Колхоз басқармасы қосымша ақыға Рогачев жолдасқа 382 килограмм, Ивахтенко жолдасқа 278 килограмм өл берді.

Осы колхоздың мүшесі, бал арасын өсіруші П. Котяков жолдасқа 5 ара ұясынан 150 килограмм ара балын жыйнағаны үшін қосымша ақыға 27 килограмм ара балын берді.

Колхоз малшылары Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» ауылшаруашылық артелі мүшелерінің мал қыстатуды үлгілі өткізу жөніндегі облыс мал өсірушілеріне жазған үндеуін қызу қуаттап, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алды. Олар бұл міндеттемелерін іске асыру үшін белсенділікпен күрес жүргізуде.

А. СУРАҒАНОВ.

Торангүл МТС-нің зоотехнигі.

Мал күтімі жақсы

Булаев ауданындағы Чистов совхозының №3 бөлімшесінде малды қолда бағу қыстың алғашқы күндерінен бастап, ұйымшылдықпен жүргізіліп келеді. Мұнда

жылдың де жылдық жоспарды жерінен бір апта бұрын орындап, жоспардан тыс бірнеше жүз мың сомның өнімін берді. Оның үстіне завод бойынша 1952 жылмен салыстырғанда 1953 жылы өнімнің өзіндік қуны 9,6 процент кемітілді.

СОКП XIX съезінің тарихи қарарларымен жігерленген облыс өнеркәсіп орындарының еңбекшілері келешекте бұдан да зор табыстарға жете беруге тиіс. Өйткені, қол жеткенге қанағаттанбау, төкпейсімеу совет адамдарының абройлы қасиеті. Олай болса, шаруашылықтың барлық саласын ойдағыдай өркендетудің негізгі шарттарының бірі — социалистік жарысты барған сайын кеңінен өрістете түсу керек. Бұл ең алдымен жергілікті партия, кәсіподақ ұйымдарының ардақты борышы болып табылады.

Бірақ, атап айта кету қажет, өткен жылдың көрнекті табыстарымен қатар, кейбір өнеркәсіп орындарының, транспорт-кәсіпорындарының және құрылыс ұйымдарының жұмысында елеулі кемшіліктерге де жол берілді.

Соңғы бірнеше жыл бойына қаладағы шағын двигателдер жасау заводу (директоры Сердюков жолдас) озат кәсіпорындарының бірінен саналып келді. Өйткені, кәсіпорын өндірістік барлық көрсеткіштер бойынша игі нәтижелерге ие болып жүрді. Ал, өткен жылы аталған завод, ең алдымен, жалпы өнім шығару жөніндегі жоспарды да орындай алмады. Завод басшылары мұндай артта қалушылықты электр қуатының және басқа жерлерден әкелінетін материалдар мен бөлшектердің

қажетін қанағаттандыру жөнінде облыс кәсіпорындары бүгінгі талапқа сай жұмыс істеп отыр деп мүлде айтуға болмайды.

Бұл кемшіліктерге келешекте жол беруге болмайды. Кәсіпорындарының коллективтері өткен жылдың қорытындысын шығарып, жаңа жылға көтеріңкі міндеттемелер алады. Алынған міндеттеменің аброймен орындалуын қамтамасыз ету — әрбір коллективтің борышы. Олай болса, әрбір кәсіпорны жұмысты тиімді істеуге, өнімнің тағайындалған график бойынша шығарылуына жетісуге тиіс. Мұның өзі жылдың алғашқы күндерінен бастап өндірістік тапсырманы әрбір цехта және өндірістің барлық участоктерінде қалтқысыз орындалып отыруын талап етеді.

Мемлекеттік тапсырмаларды орындауда ішкі мүмкіншіліктерді ашып отыру және оны тиімді пайдалану аса маңызды шарғ болып табылады. Осыған байланысты кәсіпорындарында озаттардың тәжірибесін және жаңалық тапқыштардың ұсыныстарын өндіріске батыл енгізуге жете көңіл бөліп отырған жөн.

Социалистік өнеркәсіптің үздіксіз өркендеуі және еліміздің еңбекшілерінің әлауқат дәрежесінің арта түсуі әрбір кәсіпорнының экономикалық көрсеткіштерін шұғыл жақсартуын талап етеді. Сондықтан кәсіпорындарының коллективтері социалистік жарысты кең өрістете отырып, 1954 жылды жаңа табыстар жылы етуге міндетті.

Бұл — бүгін таңдағы аса маңызды, ең абройлы борыш!

Жазушы А. А. Караваеваны Еңбек Қызыл Ту орденімен наградау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының указы

Жазушы А. А. Караваеваның туғанына алты жыл толуына байланысты және оның көркем әдебиет саласындағы сіңірген еңбектері ескеріліп, Анна Александровна Караваева Еңбек Қызыл Ту орденімен наградалсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**
Москва, Кремль
6 январь 1954 жыл.

«Красная звезда» газетінің 30 жылдығы

Мұнан 30 жыл бұрын «Красная звезда» орталық әскери газетінің бірінші номері жарыққа шықты.

Газет өзінің 10 жылдығында Қызыл Жұлдыз орденімен наградалған болатын. 1945 жылы Совет Армиясының қатардағы құрамын саяси жағынан тәрбиелеу және оның жауынгерлік шеберлігін жетілдірудегі зор және жемісті еңбегі үшін, фашистік Германияны толық талқандауға солдаттар мен сержанттарды, офицерлер мен генералдарды белсене жұмылдырғаны үшін Қызыл Ту орденімен наградалғанды.

ССРО Қорғаныс Министрінің орталық органы «Красная звезда» өзінің шыға бас-

тағанының 31-ші жылына аяқ басып, совет жауынгерлерінің жауынгерлік шеберліктерін мұнан былай да жетілдіре беру үшін, олардың саяси даярлығын және техникалық мәдениетін көтере беру үшін бұдан да зор табандылықпен күресуге ұмтылуда. Газет коллективі кәзір жауынгерлерді советтік патриотизм рухында, социалистік Отанға кеңісіз берілгендік рухында, Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің және Совет Үкметінің төңірегіне топтанысу рухында тәрбиелеу сияқты игі міндетті орындау жолында жұмыс істеуде. (СОТА).

ДНЕПРОДЗЕРЖИНСКІНИ ГАЗИФИКАЦИЯЛАУ

ДНЕПРОДЗЕРЖИНСК. (СОТА). Днепро-дзержинскінің азот-тух заводуның жұмысшылары жаңа жылдық тамаша сыйлық алды. Бүгін завод поселогінің 280 пәтеріне газ берілді.

Мұнан басқа 250 пәтерге газ беру жү-

мысы жүргізіліп жатыр. Орджоникидзе атындағы коксохимия заводунан қаланың орталығына линия тартылуда.

Днепродзержинскіні газификациялауға 10 миллионға жуық қаражат шығарылған.

Мұнда мал жайлы қораларға орналастырылып, жемшөп қорымен қамтамасыз етілген. Колхозшылар шөпті де, сабан мен мекенді де жыйнап, маяға салды. Олардың көпшілігін мал қоралары жанына тасып алды. Фермаларда мал азығы алдынала әзірленеді. Азықты нормаға сәйкестендіріп, өлшеп беретін арнаулы адам бар. Осындай қамқорлықтың арқасында қоғамдық малдың қондылығы артып, өнімділігі молаюда.

Колхозда басқа тұлкілер сияқты қой шаруашылығы да өркендеп келеді. Мұнда 2100 қой бар. Қой басын көбейтіп, оларды шығынсыз өсіруге шопандар А. Жақыпов, К. Вейсекеев жолдастар еңбек үлгісін көрсетуде. Кәзіргі уақытта колхоз мүшелері қол жеткен табыстарды баянды етіп, мал шаруашылығын шаруашылықтың мол табысты саласына айналдыру жолында аянбай еңбек етіп жүр.

С. ҚАЗАНБАЕВ.

Малдың тұқымын асылдандыру мақсатымен тұқымдық малды іріктеуде, құрамында зоотехниктер мен мал дәрігерлер бар арнаулы комиссия жұмыс істейді. Барлық асыл тұқымды бұзауларға берілетін сүт жабайы тұқымды бұзауларға берілетін сүттен біржарым есе артық жұмсалады. Сол сияқты, асыл тұқымды ір мал да ерекше жасалған рацион бойынша азықтандырылады. Мемлекетке ет үшін тапсырылатын малды ерекше күтімге қойып, семіртуді әдетке айналдырып келеміз. Мұның өзі ет үшін берілетін малдың санын көп кемітіп отыр.

Барлық мал жылы, жайлы қораларда күтіледі. Қоралар электр жарығымен жабдықталған. Мал суаруды механикаландыру, малшылардың еңбегін едәуір жеңілдетті. Малды азықтандыру зоотехник Петренко жолдастың мал өсірушілермен бірлесіп, әрбір сауын сыйырлардың, асыл тұқымды малдың ерекшеліктерін еске ала оты-

рына айналыру үшін күресуде. Жылқыда озат сауыншыларымыздың бірі Карпиниченко жолдас аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде өзінің істегі тәжірибесі жөнінде баяндама жасады. Мал шаруашылығында жұмыс істейтін коммунистер мен комсомолецтердің де ұйымдастырушылық, авангардтық ролі арта түсті.

Колхозшылар ауданымыздағы «Путь к коммунизму» колхозы колхозшыларының мал қыстатуды үлгіді өткізуге шақырған үндеуін қызу қостады. Кәзір бұл жөніндегі социалистік жарыс кең өріс алуда.

Біздің колхоздың мүшелері СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысын басшылыққа ала отырып, жаңа — 1954 жылда шаруашылықтың барлық салаларын, оның ішінде, әсіресе, мал шаруашылығын алып адыммен өркендету жолындағы күресте жаңа табыстарға жете береді.

200-ге жуық сыйыр малы бар. Олардың барлығы да жайлы қораларға орналастырылып, қыс бойына жетерліктей мал азығымен қамтамасыз етілген.

Фермадағы еңбекті көп керек ететін жұмыстардың көпшілігі механикаландырылған. Аспалы жол, жел двигателі мен сабан турағыш, дән үккіш, азық буландырғыш машиналар жұмыс істейді. Қораларда электр жарығы бар.

Бөлімшедегі көптеген сауыншылар сыйырдан сүт алудың жылдық жоспарын асыра орындап шықты. Мәселен, бір жыл ішінде әрбір сауын сыйырдан 2100 литр сүт алудың орнына, сауыншылар М. Зубарева — 2507 литр, Э. Шмитд — 2671 литр, Е. Фаст — 2612 литр сүт алды.

Бөлімшедегі мал өсірушілер қол жеткен табыстарға қанағаттанбай, бұдан былай да жемісті еңбек ете бермек.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Көктемгі егіске тыңғылықты әзірлену — кезек күттірмейтін міндет

Совхоздың көктемгі егіске әзірлігі

Көктемгі егіске тыңғылықты әзірлену жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, Мамлют совхозының механизаторлары тағы да бір жаңа табысқа ие болды. Олар тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеудің өткен жылғы тапсырмаларын мерзімінен бұрын, асыра орындады.

Бұл жұмыста комсомолец В. Ляпустин жолдас басқаратын жөндеуші тораптың мүшелері тамаша еңбек үлгісін көрсетті. Горан мүшелері уақытты дұрыс пайдаланып, сменалық тапсырмаларын үнемі асыра орындап отырды. Токарь В. Вейс, тіркеу саймандарын жөндеушілер М. Черемухин, А. Шейфер жолдастар да озат тәжірибелерді өндіріске шебер қолданулары арқасында жоғары көрсеткіштерге жетісті.


Мұнымен қатар совхоз коллективі келесі жылғы көктемгі егіске тұқым әзірлеу, қысқы агротехникалық шараларды іске асыру жөнінде де көп жұмыс істеді. Соның нәтижесінде № 1 фермада тұқымдық астық тазартылып, шығымдылық сапаға жеткізілді. Мұнда кәзіргі уақытта бидайық тұқымын әзірлеу жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Тұқым тазалауда комсомолка «ВИМ» машинасының моторшысы З. Белова жолдас қажырлы еңбек етіп жүр. Белова жолдастан Н. Колмиченко, О. Лемер, Г. Гоцман жолдастар да қалысар емес.

Егіс алаңдарына қар тоқтатуға бөлінген механизаторлардың ішінен Г. Шерстов жолдас алда келеді. Ол «ЕД—35» тракторымен 700 гектар егістік алаңға қар тоқтатты.

Бұл күндері совхоз механизаторлары тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын тез әрі сапалы жөндеп шығу, көктемгі егіске жақсы әзірлікпен келу жолындағы күреске қызу ұштасып, еңбек қарқынын күннен-күнге еселеп арттырып келеді.

Г. ЧЕШКОВ.

Мамлют совхозы партия ұйымының секретары.



Мамлют совхозы өткен жылдың төртінші тоқсанында трактор жөндеу жоспарын 110 процент, комбайн жөндеуді — 200 процент, саялқалар жөндеуді — 330 процент орындады.

СУРЕТТЕ: (оңнан солға қарай) өндірістік тапсырманы 140—150 процент орындап жүрген слесарьлар **В. Бунеев, П. Шилкин** және МТМ меңгерушісі **П. Иванов** жолдастардың «СТЗ» тракторының моторын жөндеп тұрған кезі.

Қысқы агротехникалық шаралар дұрыс жүргізілсін

Дақылдардың барлық түрінен тұрақты әрі мол өнім алуда қысқы агротехикалық шараларды кеңінен қолдану аса маңызды роль атқарады. Осыған қарамастан Октябрь ауданы, Ленин атындағы колхозда қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру ісі мүлде қанағаттанғысыз дәрежеде болып отыр. Фактілерге келейік. Жоспар бойынша колхоздың егіс алаңындағы 2 мың гектар жерге қар тоқтату керек болса, әлі күнге дейін бірде-бір гектар алаңға қар тоқтатылған жоқ.

Мұнда тұқым тазалау, оны өңгіштік сапаға жеткізу жұмысы да ойсыраған ол-

қылықта. Бұған қолда бар тұқымдық дәнің едәуірінің тазаланбауы толық дәле-бола алады. Ал, астық тазалайтын машиналар жөнделмегендіктен босқа тұр. Оларды жөндеп, іске қосуды колхоз председатели Сүлейменов жолдас ойламай отыр.

Аталған кемшіліктер осы колхоз басқармасына көптен белгілі. Бірақ, олар қысқы агротехникалық шараларды бүгінгі күннің талаптарына сай жүргізуді ескермей келеді. Колхоз басшылары бұл кемшіліктерді жедел жойып, егіске әзірлік жұмыстары тыңғылықты ұйымдастырса екен.

Ж. ЫБРАЕВ.

Механизаторлардың табысы

Тоқшын совхозының механизаторлары социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысының қарқынын еселеп арттырды. Осының нәтижесінде тракторларды жөндеудің төртінші тоқсандық тапсырмасы мерзімінен төрт күн бұрын орындалды. 14 саялқа, 2 культиватор тапсырмадан артық жөндеді. Жөндеуші-механизаторлардың жарысында алда келе жатқан токарь А. Осипенко күндік тапсырмасын үнемі 160—180 процент, слесарь Пивоваров, Кузьменко жолдастар — 110—115 проценттен орындайды.

Ильич атындағы МТС-тің (Ленин ауданы) жөндеуші-механизаторлары еңбек өнімділігін еселеп арттырды. Мәселен, тракторшы Ескіжанов, Арғынов, Беков, слесарь Светличный, Моханов, Афонин, мыс балқытушы Олейник, балғашы Дзаченко жолдастар сменалық тапсырмаларын 150—200 проценттен орындайды.

Осының нәтижесінде МТС тракторларды жөндеу жөніндегі төртінші тоқсандық тапсырманы 29 декабрьде 110 процент орындады. Ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жоспары да толық орындалды. Барлық жөнделген машиналардың жөндеу сапасын арнаулы комиссия жақсы деп бағалады.

Қыялы совхозының жөндеушілері тораптық әдісті өндіріске енгізуді шебер ұйымдастыра отырып, барлық ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің өткен жылғы IV тоқсандық тапсырмасын 150 процент орындады.

Преснов совхозының механизаторлары да еңбек өнімділігін арттыра отырып, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің өткен жылғы IV тоқсандық жоспарын аброймен орындап шықты. Кәзір еңбек қарқыны бұрынғыдан да арта түсуде.

Үгітшілерге көмек

ССРО халықтарының туысқандық достығы

Біздің ұлы Отанымыз еркін және тең праволы халықтардың туысқандық ымыра-ғамас достығының, коммунистік қоғам құрылысындағы олардың творчестволық ынтымағы мен өзара көмегінің дем беруші өнегесі болып табылады. ССРО-да социализм орнатудың аса бай тәжірибесі Коммунистік партияның басшылығымен құрылған Советтік мемлекет құрылысының көп ұлтты мемлекеттің үлгісі, халықтардың достығы мен туысқандық ынтымағының үлгісі екенін айқын дәлелдеді және ол ұлттар ынтымағының жоғары формасы болып табылады.

Совет Одағының Коммунистік партиясы — совет халықтарының тарихи жеңістерінің дем берушісі және ұйымдастырушысы. Лениндік- сталиндік дана ұлт саясатын дәйегіткілеп және табандылықпен жүзеге асыра отырып, біздің партиямыз тарихта тұңғыш рет орасан үлкен көп ұлтты мемлекет көлемінде ғасырлар бойғы ұлт адалығын жоюды қамтамасыз етті. Сөйтіп, ол бұрын езілген халықтардың экономика мен мәдениет жағынан артта қалушылығын жойып, біздің еліміздің барлық халықтарын біртұтас туысқандық семьяға топтастырды.

Совет Одағында шаруашылық, қоғамдық, мемлекеттік және мәдени тұрмыстың барлық салаларында халықтардың тең праволылығын, олардың өзара сенімі және коммунистік құрылыстағы алуан түрлі өзара көмегі орнығып, нығайды. Міне, сондықтан да социализмнің жеңісі жолындағы он жылдаған күресте сыниан өткен партияның Лениндік- сталиндік ұлт саясатын ұлы совет елінің барлық халықтары қызу мақұлдап, бірауыздан қолдап келеді.

Біздің еліміздің халықтары достығының тарихи тамырлары бар. Көп ғасырлар бойы орыс халқы халықтардың азат етушісі болып келеді. Оның адамзат тарихы алдындағы еңбегі орасан зор. Әрбір совет адамы өзінің бүгінгі бақытты өмірі үшін ең алдымен, ұлы орыс халқына, орыстың жұмысшы табына, Коммунистік партияға борышты.

1954 жылы 8 (18) январьда Украинаның Россиямен қайта қосылуына 300 жыл толады. Бұл тарихи күнді ұлы орыс және украин халықтарымен бірге еліміздің барлық халықтары атап өтеді.

Ұлы орыс халқы жүздеген жылдар бойы еліміздің барлық халықтарының бостандық пен бақыт жолындағы күресінің бастаушысы болып келді.

Ерте заманнан бері орыс халқы біздің еліміздің халықтарының самодержавиелік езюшілікке қарсы күресін бастап келді. XVII ғасырдың басында — Иван Болотниковтың көтерілісі кезінде (1606—1607 жылдары) орыс шаруалары мордва шаруаларымен бірлесіп отырып, патша өкметіне қарсы күрес жүргізді.

Степан Разиннің басшылығымен болған шаруалар соғысына орыс шаруаларымен

бірінші бесжылдық жоспарының негізгі көрсеткіштері жөнінде Совет Одағы бойынша, сондай-ақ, жеке ұлт республикалары бойынша артығымен орындалуы толық дәлел.

Балтық елдерінің халықтары, Украинаның, Белоруссияның, Молдавияның, Карел-Фин ССР-нің еңбекшілері орыс және еліміздің басқа халықтарының туысқандық көмегінің нәтижесінде соғыста күйзеліске ұшыраған шаруашылықтарын қалпына келтіріп қана қойған жоқ, сонымен қатар, олар өз республикаларының шаруашылығы мен мәдениетінің оған әрі өркендеуіне жетісті.

Жаңа бесінші бесжылдық жоспардың ойдағыдай жүзеге асырылуы біздің еліміздің халықтарын бұрынғыдан да зор табыстарға жеткізеді. Бесінші бесжылдық жоспарда социализмнің негізгі экономикалық заңының — бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін жоғары техника негізінде социалистік өндірісті үдіксіз өсіріп, жетілдіру жолымен барынша толық қанағаттандырудың талаптары айқын бейнеленген.

Партияның XIX съезінің директивалары барлық советтік ұлт республикалары мен облыстардың оған әрі гүлденуін, барлық халықтарға мәдениет пен шаруашылықты өркендетуде бұрынғыдан да үлкен көмек көрсетуді көздейді. Мұны, әсіресе, Балтық республикаларының тәжірибесінен айқын көруге болады. Бұл республикаларда бесінші бесжылдықта индустрияның жүрегі — машина жасау өнеркәсібі қызу қарқынмен өркендеп, оған әрі өріс алады. Литвада, Эстонияда, Латвияда электр қуатын өндіру 2—2.5 есе артады. Осы сияқты, бесінші бесжылдық жоспар Украинада, Белоруссияда, Арменияда, Қазақстанда және басқа республикаларда өнеркәсіптің қуатты өркендеуін қамтамасыз етеді.

Бесінші бесжылдық жоспар және СОКН Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы еліміздің ауыл шаруашылығын өркендету үшін зор перспективалар ашты. Бұл тарихи документтерде ауыл шаруашылығының түбірлі мәселелері шешіліп, оның барлық салаларын шұғыл өркендетудің жолдары, ауылшаруашылық өнімдері өндірісін ұлғайтудың жолдары көрсетілді. Сентябрь Пленумы қысқа мерзімде, ал, кейбір өнімдер бойынша 2-3 жылда еңбекшілерді азық-түлікпен, ал, өнеркәсіпті шикізатпен толық қамтамасыз ету міндетін шешуді белгіледі.

Өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын өркендетумен бірге, партияның XIX съезі совет халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін оған әрі өркендету жолын белгіледі. Бесінші бесжылдықтың алғында республикалар астаналарында, ірі өнеркәсіп орталықтарында жеті жылдық білім алуудан жалпыға бірдей онжылдық

уатысыздық жойылды. Советтік республикалар адамдардың жоғары білім алуы жөнінде шетелдік Шығыс елдерін ғана емес, Батыс Еуропа елдерін де алда қашан қуып жетіп, басып озды. Біздің елімізде жасалған мәдениет революциясының маңызды жетістіктерінің бірі сол — ұлт республикаларында советтік интеллигенцияның жаңа отряды өсіп, Отан игілігі үшін еңбек етуде.

Бұқараны ұландыратын реакцияшыл, буржуазиялық мәдениеттен советтік мәдениеттің артықшылығы мен ерекшелігі мынада: советтік мәдениет еңбекшілерді пролетарлық интернационализм және советтік патриотизм рухында тәрбиелейді. ССРО халықтары достығының ұлы күші ұлттық мәдениеттердің бірін-бірі байытуынан, барлық совет республикалары ғалымдарының, жазушыларының және искусство шеберлерінің творчестволық ынтымағынан айқын көрінеді.

Халықтардың рухани тілегін қанағаттандыруда орыс мәдениеттерінің ролі зор. Ол барлық халықтардың мәдениетіне ықпал жасап, оны байытуда, Орыс мәдениеті мен искусствосының таңдаулы өкілдері басқа халықтардың мәдениет қайраткерлеріне социалистік реализмнің әдісін игеруге, көркемдік шеберліктерін арттыруына көмектесуде.

Халықтардың моральдық-саяси бірлігімен, советтік патриотизммен және достықпен ынтымақтастырылған ССРО еңбекшілерін Коммунистік партия бастап келеді. Міне, сондықтан да совет халқы асқан бірауыздылықпен және қажырлықпен жаңа өмір жасауда.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі бұдан былай да совет елі халықтарының бірлігі мен достығын нығайтып, көп ұлтты социалистік мемлекеттің қуаттылығын күшейте береді. Халықтар достығын сыяқты ұлы қозғаушы күш бар тұрғанда бізге ішкі жау да, сыртқы жау да қорқынышты емес.

Партияның XIX съезі Коммунистік партияның ішкі саясат саласында совет адамдарының саяси белсенділігі мен патриоттық инициативаларын өрістетіп, біздің еліміздің халықтарының моральдық-саяси бірлігі мен достығын нығайта беруді басты міндет етіп қойды. Коммунистік партия өзінің негізгі басты міндеттерінің бірі ретінде қоғамның мүшелерін интернационализм рухында және барлық елдердің еңбекшілерімен туысқандық байланыстар орнату рухында тәрбиелейді.

Совет Одағының жаулары әрқашан біздің көп ұлтты мемлекетіміздің негіздерінің негізі — халықтар достығын әлсірету үшін тырысып келді. Берия және оның сыбайластарының партияға және мемлекетке қарсы істері осыған бағытталған.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Тамақтанушылардың талабы ескерілмей отыр

Көзір көпшілік тамақтандыру орындары коллективтерінің алдында аса жауапты міндет тұр. Ол — тағамдарды дәмді әзірлеу, оның түр-түрін көбейту және тамақтанушыларды мәдениетті қамту.

НОД—2 жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің асханаларында осы міндет қалай орындалып отыр?

НОД—2 жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің бірқатар асханалары еңбекшілердің қажетін мінсіз өтеу дәрежесіне сай жұмыс істей алмай келеді. Мысалға, № 12 және № 21 асханалардағы жағдайды алайық.

№ 12 асханада еңбекшілерді қамтуға қажетті жағдай жасалмаған. Ең алдымен асхананың есік-терезелерінен суық, жел азынап тұрады. Тағамдар дәмді дайындалмайды. Ыстық тағамдар дайындау жөніндегі норма көбінесе орындалмайды. Бұл жөнінде тамақтанушылар шағым және ұсыныс кітабына көптеген ұсыныстары мен талаптарын жазған. Бірақ, асхана директоры Серов жолдас олардың орынды талаптарына құлақ аспайды. Соның салдарынан асханада тағам дайындау, тамақтанушыларды қамту ісі әлі күнге дейін қанағаттанғысыз болып келеді.

№ 21 асханада жағдай дәл осы сияқты. Мұнда әзірленетін тағамдар тамақтанушыларды көбінесе қанағаттандырмайды. Оның себебі — біріншіден, тағамдар дәмді әзірленбейді, екіншіден, тағамдардың ассортименті аз. Осымен қатар, мұнда тамақтанушыларды қамту ісі де нашар. Тамақ ішу үшін келушілер көп уақыт күтіп отырады.

Аталған асханаларда тамақтанушылардың дұрыс қамтылмайтындығы НОД—2 жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің басшыларына (бастығы Вряков жолдас) көптен белгілі.

Еңбекшілер асханалардан әртүрлі және дәмді тағамдарды ғана ішкісі келеді. НОД—2 жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің басшылары тамақтану орындарының жұмысындағы кемшіліктерді тез жойып, оларда тағамдардың түр-түрінің болуын және оның мейлінше дәмді әзірленуін, сол сияқты, тамақтанушылардың мәдениетті қамтылуын қамтамасыз етулері керек.

А. БОГЕР.

Репродукторды қайдан сатып алуға болады?

Қаладағы Калинин атындағы қазақ орта мектебінің жанындағы интернаттың дирекциясы үстіміздегі оқу жылында интернатты толық радиоландыруға жете назар аударды. Әрбір бөлмеге радио сымдары өткізіліп, репродуктор сатып алынған күнде оқушылардың радио арқылы түрлі хабарларды естіп отыруына мүмкіндік жасалды.

Бірақ, не пайда, репродуктордың жоқ.

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде

1953 жылғы 31 декабрьде АҚШ елшісі Ч. Болен мырза ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов жолдасқа жолығып, мынаны хабарлады: атом қуаты туралы мәселе жөніндегі келіссөздерге қатысуға әзір екенін білдірген Совет Үкметінің 21 декабрьдегі (АҚШ президенті Эйзенхауэрдің 8 декабрьдегі сөзі жөніндегі) мәлімдемесіне байланысты, АҚШ үкметінің жоғарыда көрсетілген келіссөздерге қатысы бар тәртіп мәселелері жөнінде, атап айтқанда — келіссөздердің уақыты, орыны және тәртібі жөнінде өзара пікір алысу жайындағы АҚШ үкметінің ұсынысын қарады. Совет Үкметі де, АҚШ үкметі сияқты, жоғарыда көрсетілген мәселелерді талқылау қажет деп есептейді және бұл талқылаудың Вашингтонда басталуына келіседі. Совет Үкметі өз тарапынан ССРО-ның АҚШ-ғағы елшісі Г. Н. Зарубинді осындай талқылауға қатысуға уәкіл етеді.

6 январьда В. М. Молотов Ч. Болен мырзаны қабылдап, оған мынаны хабарлады: Совет Үкметі атом қуаты туралы мәселе бойынша жүргізілетін алдағы келіссөздерге байланысты тәртіп мәселелері жөнінде, атап айтқанда — келіссөздің уақыты, орыны және тәртібі жөнінде өзара пікір алысу жайындағы АҚШ үкметінің ұсынысын қарады. Совет Үкметі де, АҚШ үкметі сияқты, жоғарыда көрсетілген мәселелерді талқылау қажет деп есептейді және бұл талқылаудың Вашингтонда басталуына келіседі. Совет Үкметі өз тарапынан ССРО-ның АҚШ-ғағы елшісі Г. Н. Зарубинді осындай талқылауға қатысуға уәкіл етеді.

Ч. Болен мырза Совет Үкметінің жауабын АҚШ үкметіне жеткізуге уәдел берді.

Корей соғыс тұтқындарын өлтірушілерге болғалы жатқан сот

ПЕКИН, 5 январь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан берген хабарында соғыс тұтқындарын өз елдеріне қайтару жөніндегі бейтарап комиссияның қытай жағының аға делегаты генерал Ли Сан Чо 3 январьда соғыс тұтқындарын өз елдеріне қайтару жөніндегі бейтарап комиссияға хат жолдап, бұл хатта өлгіндей қарарға тікелей наразылығын білдірген.

Генерал Ли Сан Чо соғыс тұтқындарын өз елдеріне қайтару жөніндегі бейтарап комиссияның Біріккен Ұлттар одағандық билдіруі компетенция туралы келісімнің негізгі рухына қайшы келеді деп көрсеткен. Ол, американ жағы тағайындаған «қорғаушылық» дейтінді дереу комиссияның бұзуын және Индияның өкілдерінен мәліметі бар адамдардан қорғаушылар құрудың тағайындалуын талап еткен, сөйтіп, № 18 және № 28 секторларда соғыс тұтқындарын өлтірушілік туралы іс бойынша әділетті соттың мейлінше тез жүргізілуін талап еткен.

Өлтірілген 4 корейдің денесін Индиялық күзет әскерлері 1953 жылдың 12 декабрьде қараған түнде тауып алған. Келесі күні 21 соғыс тұтқыны тергеудің барысында куә болуға өз еріктерімен тілек білдірген. Олар мұндай қылмыс істеп айыпты болғандар деп Ким Хак Пунды және американдар бастаған 18 басқа лисынмандық агенттерді атап көрсеткен.

Соғыс тұтқындарын өз елдеріне қайтару жөніндегі бейтарап комиссияның өкілі №28 секторда Чжан Цзу-лун деген соғыс тұтқынын өлтіргендік туралы іс бойынша комиссияның дәл осындай қа-

Гоминданшыл екі ұшқыштың халықтық Қытай жағына ұшып кетуі

ПЕКИН, 6 январь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Фуцжоу 5 январьда берген хабарында былай дейді:

1953 жылы 18 декабрьде чанкайшілік банданың құйыршықтарының әуе-соғысы күштерінің екі әскер қызметшісі «А — 6» (сериялық номері 145) үйрену самолетіне мініп, Тайвань аралынан құрғақтағы Қытайға ұшып өткен. Олар Гаосин ұшқыштар мектебінің аэродромынан (Тайвань аралы) ұшып шығып, Фуцзянь провинциясындағы аэродромға аман-есен келіп қонған. Бұл самолетте чанкайшілік ұшқыштар

сы Тао Хай-фу және Тайваньдағы әуе-соғысы күштерінің метеорологиялық станциясының радисі Цинь Бао-дунь болған. 1949 жылы оларды Тайваньға баруға күштеп алып кетті.

Бұл екі әскери қызметші өздерінің туған елдеріне қайтқаннан кейін Тайваньда жасалып жатқан американ жоспарлары туралы және гоминданшыл бандиттердің сатқындық әрекеттері туралы мәлімдеме жасаған.

Бұдан кейін ұшқыштар Тайвань аралындағы халықтың тұрмыс жағдайы баған сайын нашарлап бара жатқанды-

бірге, еңбекші қазақтар, башқұрлар, татарлар және басқалары қатысты. Осы сияқты, Емельян Пугачевтің отрядтарында орыс шаруалары помещиктерге қарсы күресті қазақтармен, башқұрлармен, татарлармен және басқа халықтармен бірлесіп отырып жүргізді. Осы антифеодалдық күрестің барысында халықтар арасындағы байланыс нығайып, достық өсе бастады.

Пролетарлық интернационализм туы астында жеңген Ұлы Октябрь социалистік революциясы езілген халықтардың тарихында жаңа кезең ашты. Помещиктер мен капитализмнің үстемдігін жойып, ол ескі мемлекеттік аппаратты талқандады және мемлекетті басқару ісіне халық бұқарасын кеңінен қатыстырды. Сөйтіп, халықтар үшін түрме Россияда халықтардың еркіндігі, достығы және теңправолылығы принциптеріне негізделген жұмысшылар мен шаруалардың социалистік мемлекеті орнатылды.

Буржуазияның және оның ұлтшыл партияларын жоюдың негізінде, социализм құру үшін күресте жаңа социалистік ұлт құрылымы қалыптасты. Біздің елімізде пролетариат диктатурасының жеңуі бұл процестің шешуші кезеңі болды. Советтік мемлекеттік құрылымы социалистік ұлттардың қалыптасып, дамуының саяси негізі болып табылады. Жұмысшы табының диктатурасы барлық ұлттар мен халықтарға бостандық әперіп, ұлттық және отарлық езуді қойды.

Социалистік экономиканың қалыптасып, өркендеуі, қоғамдық меншіктің бекуі социалистік ұлттардың қалыптасуының экономикалық негізі болып табылды. Жерді, ірі өнеркәсіпті, сыртқы сауданы және банкті национализациялаудың нәтижесінде, елімізді индустрияландырудың және ауыл шаруашылығын коллективтендірудің нәтижесінде социалистік ұлттардың экономикалық бірлестігі қалыптасты.

Партия коммунизм орнату жолында еліміздің ұлттары мен халықтарын біріктіру және топтастыру жөнінде негізгі қоғамдық күш—жұмысшылар мен шаруалардың одағына сүйенді және сүйеніп келеді. Партияның басшылығымен жұмысшы табы мен шаруалар одағының нығайуы, бұл одақтың олардың арасындағы достыққа айналуы социалистік ұлттардың құрылып, дамуының әлеуметтік негізі болып табылады.

Халықтардың туысқандық достығы көп ұлтты Совет мемлекетінің бүкіл тарихында ерекше орын алып келеді. Ол достық Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында ерекше айқын көрінді.

Соғыстан кейінгі жылдар социалистік ұлттардың ынтымақтастығы дамуының жаңа кезеңі болды. Еңбекшілер бұқарасының еңбектегі өрлеуі кезіргідей, соғыстан кейінгі уақыттағыдай, бұқараны жаппай қамтып бүкілхалықтық сыпатқа айналып көрген емес. Өртүрлі ұлттардың алдыңғы қатарлы адамдарының патриоттық инициативасы еліміздің кезіргі өркендеуі кезеңіндегідей еңбекшілер арасында тез және кең құлаш жайып тараған емес. Бұған халық шаруашылығын өркендетудің және қалпына келтірудің соғыстан кейінгі би-

лім алуға көшу аяқталады. Келесі бесжылдықта басқа қалалар мен селолық жерлерде жалпыға бірдей орта білім алуға жүзеге асыру үшін керекті жағдайлар әзірленеді. Бесінші бесжылдықта ғылыми, мәдени-ағарту мекемелерінің саны көптеп өседі. Съезд директиваларында ұлт аудандарының мәдениетін арттыруға ерекше назар аударылған.

Біздің партиямыздың саясатының негізгі принципі—ССРО халықтарының игілігіне қамқорлық жасау. Бұл қамқорлық партиямыздың әрбір белгілеген шаралары мен қарарларынан айқын көрініп келеді. Міне, сондықтан да еліміздің барлық ұлттарының еңбекшілері коммунистік құрылыстың программасын жүзеге асыру, осының негізінде халықтар арасындағы достықты онан әрі нығайту ісіне белсене қатысып келеді.

Барлық ұлт республикалары мен облыстарда социалистік жарыс кеңінен өріс алуға. Бұл бүкілхалықтық қозғалыс коммунистік құрылыстың маңызды факторы, шешуші шарты болып табылады.

Социалистік жарыста халықтардың ынтымағы мен өзара көмегі айқын білінуде. Мәселен, Донбасс пен Кузбасс көміршілері өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, нығайтумен бірге өздерінің жолдастары — Қарағанды шахтерлерін қолдауда. Ленинград пен Харьковтың машина жасаушылары бір-бірімен социалистік жарысқа түсіп, еңбекті және өндірісті ұйымдастыру ісіне көп жаңалықтар енгізді. Жуырда Қазақ ССР, Талдықорған ауданының Сталин атындағы золхозы Москва облысы, Луховицк ауданы, Сталин атындағы озат ауылшаруашылық артелимен социалистік жарысқа ұштасты. Бұл жарыс қазақ және орыс золхозшыларының ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі міндетті шешуіне көмектеседі, орыс және қазақ халқының мызғымас достығын дәлелдейді.

Халықтардың достығы мен туысқандық өзара көмегі Волга—Дон каналы құрылысын мерзімінен бұрын аяқтауды қамтамасыз етті. Бұл құрылысқа Совет Одағының барлық халықтары қатысты. 350 қала мен басқа да селолық пункттердегі бір мыңға жуық өнеркәсіп орындары каналдың құрылысына қажетті материалдар мен құрал-жабдықтар берді.

Қазақстанда Мойынты-Шу, Ақмола-Павлодар магистральдарының құрылысы советтік ұлт республикаларының мызғымас достығы мен байланыстарының бір көрінісі болып табылады. Бұл құрылыстарды салуға қазақ халқымен бірге басқа ұлттардың көптеген өкілдері — орыстар, украиндар, өзбектер, татарлар, грузиндер қатысты. Қазақстанның жаңа құрылыстарына бүкіл ел көмектесті.

Коммунистік партияның үздіксіз жүргізіп отырған дана ұлт саясаты еліміздің халықтарының мәдениетін берған сайын арттыра беруді қамтамасыз етуде. Советтік ұлттардың мәдени даму дәрежесінің жоғары болуы олардың тамаша ерекшелігі болып табылады. Совет өкметі жылдарында біздің елімізде шын мәніндегі мәдениет революциясы жасалды. Біздің елімізде са-

тері, Одақтас республикаларда буржуазияшыл-ұлтшыл элементтердің қалдықтарын жандандыруға, ССРО халықтары арасында араздық, алашық тудыруға, ең алдымен, ССРО халықтарының ұлы орыс халқымен достығын әлсіретуге тырысты.

Барлық ұлттардың еңбекшілері Отанға опасыздық жасаған Берияның және оның сыбайластарының қылмысты істері жөнінде ССРО Жоғарғы Сотының Арнаулы Сот Құрамының үкімін зор қанағаттанғандықпен қарсы алды. Берияның қылмысты авантюрасының жойылуы империалистік елдердің Совет мемлекетіне қарсы бағытталған қандай жоспарлары болсын жүзеге асырылмайтынын дәлелдейді. Сонымен қатар, халықтың қас жауларының ісі еңбекшілерден қырағылықты арттыруды, буржуазияшыл-ұлтшыл көріністерге қарсы қатаң күрес жүргізуді қажет етеді.

Халықтардың туысқандық ынтымағының халықаралық маңызы бар. Тәжірибемізнен көрсетті: совет халықтарының туысқандық достық семьясындағы жеңістерге басқа елдер халықтарының да қолы жете алады. Совет Одағының халықтар ынтымағын нығайтудағы тәжірибесі бүкіл дүние жүзі халықтары үшін үлгі болып табылады.

ССРО-да социализмнің жеңісі, Европа мен Азияның бірқатар елдерінде халықтық демократиялық тәртіптің орнауы әртүрлі елдер халықтары арасындағы өзара қатынастың тарихында жаңа бет ашты.

Демократиялық лагер елдері халықтарының арасындағы өзара қатынастар теңправолылық, әрбір мемлекеттің бостандығы мен тәуелсіздігі, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принциптеріне негізделген.

Халықтар достығы саясатын үнемі жүргізіп отырып, Совет Одағы демократиялық лагердің барлық халықтарына туысқандық көмек жасап, олардың мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыстарына, олардың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау ісіне қамқорлық жасауда. Совет Одағының туысқандық көмегінің нәтижесінде халықтық демократия елдері әлеуметтік ұлы өзгеріс жасап, бақытты тұрмыс құруда.

Совет Одағы — бейбітшіліктің тірегі және халықтардың бостандығы мен тәуелсіздігінің күрескері — халықтардың бейбітшілік өмірін қорғау күзетінде үнемі болып, бейбітшілік пен хауіпсіздікті қорғауда.

Халықтар достығы Отан соғысы жылдарында, сондай-ақ, бейбіт құрылыс жылдарында сыннан өтіп, советтік қоғамның ұлы күші ретінде өзінің жеңістерін салтынат етіп келеді.

Достықты үнемі күшейтіп, өзара көмекті онан әрі кеңейту арқылы, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегінде бұрынғыдан да тығыз топтасу арқылы біздің еліміздің халықтары коммунизмнің жеңістеріне қарай сеніммен алға баса берді.

Ө. ҒАЙСИН,

ҚКП облыстық комитетінің лекторы.

тынан интернат оқушылары радиомен пайдалана алмай отыр. Ал, қаладағы магазиндерден іздеп бірде-бір репродуктор таба алмадық.

Облыстық, қалалық сауда бөлімдері репродуктор сияқты еңбекшілер өте қажет ететін товарлардың қала магазиндерінде сатылуын қашан қамтамасыз етер екен?

М. ДАБЫСҚАЛИЕВА.

САУДА ОРНЫНДА ТАЗАЛЫҚ ЖОҚ

Әрбір жексенбі күні Октябрь ауданының колхоздарынан өзінің басы артық малын, азық-түлігін колхозшылар Марьевкадағы базарға әкеліп сатады. Бірақ, базарда колхозшылардың әкелген азық-түлігін қойып сататын арнаулы столдар болмағандықтан, оларды жерге қойып сатуға мәжбүр болады. Азық-түліктер мен тірі малдарды сататын арнаулы орын бөлінбеген. Сондықтан сатуға әкелінген сыйыр, қой-ешкі және шошқалар азық-түлік сататын жерде аралас тұрады.

Бұл жағдайды аудандық Совет атқо-мі мен сауда орындарының басшылары білмей отыр деуге болмайды. Бірақ, олар бұған көңіл бөлмей отыр.

Ғ. МӘЛКОВ.

Соңғы почтадан

Төрешілдіктің дәрекі түрі

«Ленин туы» газетінің редакциясына «Салықтың салығы» деген тақырыппен тілші хаты түскен болатын. Онда Приешім ауданы, «Востандық» колхозындағы дәрігерлік пункт меңгерушісінің маскүнемдікке салынып, өз жұмысын атқара алмай жүргендігі, әйел теңдігін аяққа басып, алаяқтық жасап, қылмысты іске бой ұрғандығы айтылған болатын.

«Ленин туы» газетінің редакциясы бұл хаттағы көрсетілген фактілерді тексеріп, қажетті шара қолдану үшін Приешім аудандық денсаулық сақтау бөліміне жіберген-ді. Ал, аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі П. Кудрявцев жолдас тілші дабылы бойынша тексеріс жүргізіп, дәрігерлік пункттің жұмысында болып келген кемшіліктерді жоюдың, еңбекшілерді медициналық көмекпен қамту ісін жақсартудың нақтылы шараларын қарастыру орнына, тілші хатын стол суырымында 10 күн жатқызғаннан кейін мына мазмұнда хат жазып, тілші хатын редакцияға қайтарып жіберді.

«Приешім аудандық денсаулық сақтау бөлімі сіздердің хаттарыңызды алды. Ол хатты біз сіздерге қайтарып отырмыз және бізге шағымды тек орыс тілінде жіберуіңізді сұраймыз».

Төменнен көтерілген сыңа құлақ аспай, түскен хатты әуре-сарсаңға салып, еңбекшілердің тілегіне сай жұмыс істей алмай отырғандарды осылай өз қанатының астына алып отырған Кудрявцев жолдасына бұл қылығын тек төрешілдіктің ең дәрекі түрі деп қана бағалауға болады.

даярлайтын офицерлік мектептің оқушы-

ғын айтқан.

Француз халқы бейбітшілік жолындағы күресте

ПАРИЖ, 5 январь. (СОТА). Француз ұлттық бейбітшілік советінің хабарына қарағанда, Франция халқының Бонн және Париж соғыс договорларына қарсы, Индо-Қытай проблемасын бейбітшілікпен реттеу жолындағы және халықаралық қатнастағы шиеленісті бәсеңдету жолындағы күресі кең көлемде өрістеуде.

1953 жылғы июльден декабрьге дейінгі уақыттың ішінде Францияның 600 муниципалдық советтері Индо-Қытайда келіссөздерін жүргізуді жақтап Бонн және Париж договорларына қарсы шыққан.

Сена, теңіз жағалауындағы Альпалар Од, Шер, Дордонь Дром департаменттерінің бас советтері Хо Ши Мин үкметімен келіссөздер жүргізуді бірауыздан жақтаған. Дордонь департаментінің бас советі мұның үстіне қарар қабылдап,

ол қарарда одақ және өзара көмек туралы 1944 жылғы француз-совет договоры: Францияның сыртқы саясатының негізіне айналсын деген тілек білдірген. Өртүрлі департаменттердің көптеген бас кеңесшілері халықаралық талас мәселелерді бейбітшілікпен реттеу пайдасын жақтап, өздері пікір айтқан.

Бұл қозғалыста қоғам ұйымдары үлкен роль атқаруда. Бүкіл Францияда октябрь-декабрьдің ішінде бейбітшілікті жақтаушылардың 47 ірі жыйналыстары өткізіліп, бұл жыйналыстарға 200 мың адам қатысқан. Бұл жыйналыстар елдің 66 департаментін қамтыған. Францияның көптеген көрнекті саяси қайраткерлері, соның ішінде Эдуард Даладье, Лео Амон, Луи Марэн және басқалары осы көрсетілген жыйналыстардың атына хаттар жолдаған.

НОРВЕГИЯНЫҢ ІШКІ ІСТЕРІНЕ АРАЛАСУҒА ҚАРСЫ

ОСЛО, 5 январь. (СОТА). Норвегияның газеттері былай деп хабарлайды: Викин соғыс округінің (Осло қаласы және оған іргелес аудандар) командашысы генерал-майор Олаф Хельсет Солтүстік-Атлантикалық бас ұйымының Норвегия қарулы күштерінің басшылығына араласуына қарсы наразылық білдіру ретінде 1954 жылғы 1 январьдан бастап қызмет орнынан түсті.

БАТЫС БЕРЛИНДЕ ЖҰМЫССЫЗ-ДЫҚ АРТУДА

БЕРЛИН, 5 январь. (СОТА). «Шпан-дауэр Фольксблатт» газетінің хабарына қарағанда, Батыс Берлиндегі жұмыссыздар саны өткен жылғы декабрьден 12.896 адам көбейіп, 222.999 адамға жеткен. Жұмыссыздық, деп көрсетілген газеттің хабарында, әсіресе тігін және құрылыс өнеркәсібінде күшейген.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖОЛДАС НАМЫСЫ»

атты көркемсуретті жана фильм. Сеанстар сағат 2,30-6,30-8,10-10-да басталады.

«ЖЕКПЕ-ЖЕК»

Сеанстар сағат 12,30-4,30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»

Сеанстар сағат 4,6,20-8,30-10,40-та басталады.

Петропавл қаласы, Коммунист көшесі, 97-үйде тұрушы Зоя Семеновна Иванова Алматы қаласы, Қаракөл көшесі, 18-үй, 19 пәтерде тұрушы Борис Абрамович Ивановтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласы, 5-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сойлысуге болады.